

Жумекеева Гүлмира Қуанышқызы
Ғылыми жетекші: Мукышева Салима Алпысовна

**Семей қаласы "М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ"**

"Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту"

Аннотация

Бұл мақалада педагогикалық қызмет атқаратын мектеп жасына дейінгі ұйымдардағы балалардың тілін қалыптастыру мәселелері жайлы айтылған

Аннотация

В данной статье говорится о проблемах формирования речи детей в дошкольных организациях, осуществляющих педагогическую деятельность.

Annotations

This article talks about the problems of the formation of children's speech in preschool organizations that carry out pedagogical activities.

Біздің ана тіліміз – қазақ тілінің келешегі балалардың сөйлеу мәдениетінің деңгейімен байланысты. Осы тұрғыда әр баланың тілін жетілдіру, олардың сөйлеу мәдениеті қоғамдық қажеттілік болып табылады. Қарым - қатынас ережелерімен қаншалықты ерте таныстыруды бастасак, сөйлеу құралдары соншалықты саналы және табиғи қалыптасады да, баланың сөйлеу мәдениетін жетілдіреді.

Тіл дамыту әдістемесі – педагогикалық қызмет заңдылықтарын зерттейтін, мектеп жасына дейінгі ұйымда балалардың тілін қалыптастыруда бағытталған педагогикалық ғылым.

Тіл дамыту әдістемесі педагогикалық ғылымдардың бір бөлігі, оның өзінің белгілі мақсаты, міндеті, мазмұны бар.

Әдістеменің басты міндеті – балабақшада тәрбиеші баланың қажетті сөздік дағдылар мен қабілеттерін дамыту үшін ғылыми педагогикалық негізде тіл дамытудың тиімді әдіс – тәсілдерін жинақтау, жасау. Курстың басты мазмұны баланың ауызекі тілін қалыптастыру, қоршаған ортамен сөздік қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру.

Тұжырымда бекітілгендей мектеп алды даярлықта білім алу тіл дамыту ана тіліндегі ауызша сөздің дағдыларын, сөздік этикетін бойына сіңіру.

Е.И.Тихеева көрсеткендей, бұл ана тілі оның кедергісіз, жан – жақты дамуы тәрбиенің негізі болып табылады.

Тіл дамыту әдістемесі барлық педагогикалық ғылым сияқты жалпы ғылымға енеді.

Тіл – басты қарым – қатынас құралы болып табылады. Ойлау – тіл сияқты қалыптасып дамиды.

Ахмет Байтұрсынұлы;өзіміздің елімізді сақтау үшін біз мәдениетке,оқуға ұмтылуға тиістіміз» дейді.Баланың мектепке дейінгі кезі-оның жеке қасиеттерінің қалыптасып,дамитын кезеңі,сондықтан бала өз ана тілінде сөйлеуі қажет.Бұған ата-аналар да ерте бастан көңіл бөлген жөн. Баланың сөздік қорының молайып жетілуі,оның физиологиялық дамуына есту,сөйлеу мүшелеріне байланысты психологиялық процестері де ой қызметі,сезім,қабылдау,зейін,қиял,еліктеу жақтарының дамуына әсер етеді.Үш жастағы балаларға сөз ішіндегі барлық дауысты-дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету,сөйлем мүшелерін жетілдіру,сөзді,сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс естіп тыңдай білуге үйрету, «Сөз», «Дыбыс» деген ұғымды меңгерту,сөздік қорын әрі қарай дамыту.Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда төрт негізгі мақсаттар қарастырылады.

1.Айналадағы дүниені,табиғатты бақылату,таныту арқылы сөз қорын жаңа сөздермен байыту,баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап,өзіне қойылған сұраққа диалог түрінде жауап беруге үйрету.

2.Заттың атын ойыншық,гүл,ағаш,т.б сөздерді.

3.Заттың сынын,сапасын,түр-түсін,пішінін білдіретін сөздерді меңгерту.

4.Заттың іс-әрекетін білдіретін сөздерді әрі қарай кеңейту жүрді,жүгірді,келді,қияды,екті,септі т.б.меңгерту.

Мектеп жасына дейінгі баланың тағы бір ерекшелігі оларда еліктеу,қиялдау басым болады. Сол себепті айналадағы құбылыс пен ересектердің іс-әрекеті балалардың бақылауынан мүлт кетпейді. Бақылаған заттардың елеусіз ерекшелігінедейін бірден байқап,тез қабылдайды.Олай болса,әрбір ата-ана баланың осындай даму ерекшелігін ескеруге тиісті.

-Балалар сөзді, сөйлемді дұрыс айтуға үйрету керек.

1.Баланың бақылау кезінде көргендері жайлы өзіне айтқызу.

2.Оқылған ертегі,әңгіме мазмұнын сұрап,әңгіме желісін бұзбай айта білуге үйрету.

3.Белгілі грамматикалық формаларды дұрыс қолданып,сөйлей білуге үйрету,ішінде,үстінде,астында,жанында,артында,ортасында,шетінде деген сөздерді сөйлем ішінде айтқызып отыру. Мектеп жасына дейінгі сәбилердің дүние танымын кеңейтіп,ойын өрістетіп,тіл байлығын жетілдіру ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік ойын жаттығуларын дамыту ісінде:

— балалардың сөздік қорларын дамыту:

— жаңа іс – қимылдарын меңгерту:

— үйренген сөздерін, іс –қимылдарын тиянақты, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Осы аталған міндеттерді үнемі ойын жаттығулар жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отырамыз.

Балалар саусағын ойната отырып тілін дамыту.

Саусақ ойыны-бұл ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан әрі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық. Саусақ ойыны саусақтардың көмегімен қандай да болмасын ертегіні немесе өлең-тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашады. Саусақтардың қозғалыс-қимылына қарап бала қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады. Сонымен бірге халық арасында кеңінен тарап жүрген "Қуырмаш" ойыны да саусақтардың нәзік қимылын жетілдіруге бағытталған.

Мысалы "Моншақ"

Қызыл сары, көк моншақ,

Мен жасаймын көп моншақ.

Мұнда қатар екі қолдың бас бармағы мен сұқ саусақтарының ұшын түйістіре отырып моншақ тәрізді бейнелейді. Ол өте балалар үшін қызықты әрекет, қол бұлшық етін дамытуға үлкен көмегін тигізеді. Сонымен қатар өзімен-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салу, өзі ағыту, бауын байлау т.б.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев “Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?”-деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін тәрбие құралы. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікті үйренеді. Халқымыз ойындарға тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала өзін қоршаған Ойын түрлері:

-ұлттық ойындар.

-сюжетті рольді ойындар.

-шығармашылық ойындар.

-қимылды ойындар.

-дидактикалық ойындар.

ортамен,табиғатпен,адамдар еңбегімен,қарым-қатынастарымен танысады.

2.Бала тілін дидактикалық ойын арқылы дамыту.

Тіл дамыту бойынша дидактикалық ойындарды мынандай топтарға жіктеуге болады.Олар: Балалардың тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаштар,санамақ, "Қуыр-қуыр қуырмаш", "Малдың төлін шақыру", т.б.

Балалардың тілін дамытуға байланысты сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді.Баланың ой-өрісін кеңейтуге,өз бетімен ойланып,заттар мен құбылыстардың сипатталуына,баламасына қарай олардың атын табуға,сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді.Дидактикалық ойын арқылы ойлау,сөйлеу,қиялдау,тілін дамыту,сонымен қатар өз ойларын толық жеткізе білу,сауаттылығын ашу.

Ойын мектепке дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті.Ойын-балалар өмірінің нәрі,яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты.Ойын арқылы балалар қоғамдық тәжірибені меңгереді,өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Бір сөзбен айтқанда,ойын баланың жан -жақты дамуын жетілдіретін,белсенділігін арттыратын,басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп,күнделікті өмірімен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады. Ойын- бала үшін біліктіліктің қайнар көзі.Бұл ойындар мектеп жасына дейінгі балалардың саусақ моторикасын дамытады.Саусақ моторикасы арқылы балалардың тілі дамиды. Мамандар мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуының кезеңдерін анықтады:

3-4 жыл. Бала заттың пішінін, түсін, өлшемін атайды, сапалық сипаттама береді. Жалпылауыш сөздер қолданылады: көкөністер, киімдер, жиһаздар. Бала үлкендердің сұрақтарына бір буынды жауап береді, суреттер бойынша қысқа сөйлемдер құрастырады, сүйікті ертегілерін қайталайды.

4-5 жыл.Балалар сөйлеуде заттың қасиетін білдіретін сын есімдерді, іс-әрекетті сипаттау үшін етістіктер мен зат есімдерді қолданады. Бала тәулік уақытын, заттардың орналасуын басшылыққа алады, адамдардың көңіл-күйін сипаттайды. Диалог арқылы қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру. Бала жауап береді, сұрақтар қояды, шағын әңгімелерді қайталайды, суреттер бойынша шағын әңгіме құрастырады.

5-6 жыл.Сөйлемнің барлық бөліктері дұрыс формада қолданылады. Бала шағын әдеби шығармаларды дұрыс ретімен қайталайды, әңгіме құрастырады. Үлкендермен оңай тіл табысады.

6-7 жас. Балалардың сөздік қоры мол, сөйлеуде синоним, антоним сөздер қолданылады. Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасуда. Бала оңай әңгімелер құрастырады, естіген шығарманың мазмұнын өз бетінше жеткізеді.

Тіл дамыту, сөз қорын молайту сабақтарында баланы сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету ісіне баса назар аудару керек. Балалардың көбінің сөз ішінде кездесетін р, л, с, ш, ж, з, б, п, ф дыбыстарын айтуға қиналатыны байқалады. Кейде бала аталған дыбыстарды жеке–жеке дұрыс айтады да, сөз ішінде дұрыс айта алмайды.

Балалардың дыбыс қолдануында мынадай кемшіліктер кездеседі: сөз ішінде дыбысты дұрыс айтпау, сөзде дыбыс қалдырып айту; сөз ішінде дыбыс алмастыру. Мысалы, қуыршақ–құршақ, қолғап–қолбақ, орамал-омалар – омайлар.

Дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру жұмыстарын басқа сабақтарда (шығарма оқу, дидактикалық ойын, бақылау) оқу қызметінің мазмұнына қарай жүргізуге болады. Бала оқу жылы ішінде бағдарламада көрсетілген дыбыстарды түгелдей дұрыс айтатын болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://helpiks.org/8-62653.html>
2. <https://balabaksha.kz/56034/>
3. <https://rcdo.kz/publ/3284-mektep-zhasyna-deyng-balalardy-tln-damytu.html>
4. <https://balabaksha.kz/39731/>
5. <https://kerchtt.ru/kk/razvivayushchie-zanyatiya-dlya-detei-po-razvitiyu-rechi-igry-zadaniya-i/>
6. <https://bsh.kz/news/12252>